12. Иоффе О.С. *Структурные подразделения системы права (на материалах гражданского права) // Ученые записки ВНИИСЗ*. – М., 1968. – Вып. 14. – С. 45-60.
13. Нарикбаева Ж.М. *Проблемы материальной ответственности наемных работников в современных условиях*. – Алматы, 2005. – 224 с.
14. Курочкин А.В. *Концепт «правовая институционализация» и его содержание // Актуальные проблемы российского права*. – 2016. – № 3. – С. 39-47.

МРНТИ:10.63.59

УДК:331.109

Қ.Тұрлыханқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

## ЖҰМЫСКЕРДІҢ КІНӘЛІ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗУ

*Аңдатпа*

Мақалада жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзудағы жұмыс беруші мен жұмыскерлердің ішкі еңбек тәртібіне мойынсынуы, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелерінен көрініс табады. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп, оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық негіздеме ішінде ерекшеліктеріне байланысты азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың маңызды және тәсілдері туралы айтылған.

Сонымен бірге, Қазақстандағы жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу ҚР Конституциясына, сондай-ақ Еңбек кодексінің нормаларына, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалатын құқықтармен бостандықтардың кең шеңберіне ие екендігі. Жұмыскерді кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзудағы істі қарау ерекшеліктерін айқындау және сот практикасын талдау заңдылықты сақтауға және соттардың құқық нормаларын біркелкі қолдану, сондай-ақ азаматтардың еңбек ету құқығы сияқты әлеуметтік-экономикалық құқығын қорғау көрсетілген.

**Түйін сөздер:** еңбек шарты, жұмыс беруші, жұмыскер, еңбек тәртібі, тәртіптік жазалар, жауапкершілік.

*K.Turlykhanqyzy<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University*

## TERMINATION OF THE EMPLOYMENT CONTRACT IN CONNECTION WITH THE GUILTY ACTIONS OF THE EMPLOYEE

*Abstract*

The article is reflected in the mutual obligations of the employer and employees to comply with the requirements established by him to the internal labor regulations upon termination of the employment contract in connection with the guilty actions of the employee. The legal framework, which designates the system of labor relations between an employee and an employer through legal norms and expresses the mutual obligation of the parties to comply with its provisions, refers to the essential and ways to protect the labor rights of citizens.

At the same time, termination of an employment contract in connection with the guilty actions of an employee in Kazakhstan has a wide range of rights and freedoms determined in accordance with the Constitution of the Republic of Kazakhstan, as well as the norms of the Labor Code, laws and other regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan. The determination of the specifics of the consideration of the case of termination of an employment contract in connection with the guilty actions of an employee and the analysis of judicial practice showed compliance with the rule of law and uniform application by courts of law, as well as the protection of socio-economic rights of citizens, such as the right to work.

**Keywords:** employment contract, employer, employee, labor discipline, disciplinary penalties, responsibility.

Турлыханкызы К.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет им. Абая

## РАСТОРЖЕНИЕ ТРУДОВОГО ДОГОВОРА В СВЯЗИ С ВИНОВНЫМИ ДЕЙСТВИЯМИ РАБОТНИКА

### Аннотация

Статья находит отражение в взаимных обязательствах работодателя и работников по соблюдению установленных им требований к внутреннему трудовому распорядку при расторжении трудового договора в связи с виновными действиями работника. В правовой основе, обозначающей систему трудовых отношений между работником и работодателем через правовые нормы и выражающей взаимную обязательность сторон к исполнению его положений, говорится о существенных и способах защиты трудовых прав граждан.

Вместе с тем, расторжение трудового договора в связи с виновными действиями работника в Казахстане имеет широкий круг прав и свобод, определяемых в соответствии с Конституцией РК, а также нормами Трудового кодекса, законами и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан. Определение особенностей рассмотрения дела о расторжении трудового договора в связи с виновными действиями работника и анализ судебной практики показали соблюдение законности и единообразное применение судами норм права, а также защиту социально-экономических прав граждан, таких как право на труд.

**Ключевые слова:** трудовой договор, работодатель, работник, трудовая дисциплина, дисциплинарные взыскания, ответственность.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деген еді [1]. Алайда, ел экономикасын реформалау мен әртараптандыру жалғасуына COVID-19 ауруының тарауы кедергі жасап, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен пандемия жарияланды. Кейбір жосықсыз жұмыс берушілер мұндай жағдайды пайдаланып қалуға тырысып, қызметкерлердің жалақысынан «ұстап қалу», уақытында жалақыны төлемеу оларды өз еркімен жұмыстан шығуына итермелеу немесе өзге де жолмен өз шығындарын азайту арқылы жұмыскерлердің әл-ауқатының және материалдық жағдайларының нашарлауына алып келіп отырғаны Жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу және тәртіптік жауапкершілік тарту белгілі.

Бұл көптеген елдердің өз шекараларын жабуына, бұқаралық іс-шаралардың санын азайтуға, кәсіпорындардың жұмысын тоқтатуына, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілердің жұмысын уақытша тоқтатуға не шектеуге алып келді. Жұмыс берушілердің алдында жұмысты жалғастыру, қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру, штат немесе жұмысшылар санының қысқаруына, жалақы мөлшеріне және басқа да көптеген қиындықтар туындатты. Бұл ретте осы сұрақтарға жауаптар жұмыс берушінің еркі мен қалауына ғана емес, сондай-ақ осы мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың ұстанымына да байланысты. ҚР Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымындағы Қазақстан Республикасы Парламенттің бірінші сессиясында «қазіргі күрделі жағдайда Қазақстанның алдында тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындары мен халықтың табысын сақтау» қажеттілігін көрсетіп, депутаттар алдында бірнеше басымдылықтарды айқындап, «азаматтардың құқықтарын тиісінше қорғамайынша әлеуметтік-экономикалық даму мүмкін еместігін, неғұрлым белсенді әрі ойластырылған жұмысқа нақты және табанды кірісу керектігін» атады [2].

Еңбек тәртібі – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп, оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық категория. Еңбек тәртібі жұмыс беруші мен жұмыскерлер-

дің ішкі еңбек тәртібіне мойынсыну, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелерінен көрініс табады. Еңбек тәртібі сендіру және мәжбүрлеу сияқты әдістердің көмегімен қамтамасыз етіледі. Сендіру әдісін қолдану жұмыскерлердің өкімшілік талаптарын, кәсіпорынның (ұйымның) ішкі еңбек тәртібі ережелерін саналы және ерікті түрде орындауға деген ішкі қажеттіліктерін тәрбиелеу мақсатында олардың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді. Сендіру әдісін іске асырудың нысаны көтермелеу шаралары болып табылады. Мәжбүрлеу әдісі сендіру әдісі қажетті нәтижелерге қол жеткізбеген уақытта қолданылады. Ол еңбек тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік жазалау шаралары болып табылады. [4]

Еңбекті ұйымдастырудағы жұмыс берушінің міндеттері:

— еңбек жарақатына жол бермейтін техника қауіпсіздігінің осы заманғы құралдарын өндіріске енгізу

— қызметкерлердің кәсіби және басқа да науқастарға шалдығуының алдын алатын санитарлық-гигиеналық шараларды қамтамасыз ету

— қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы және өртке қарсы сақтану жөніндегі барлық талаптарды орындауын бақылайды. [7]

Жұмыс беруші еңбектегі табыстары үшін жұмыскерлерді көтермелеудің әр түрлі нысандарын қолдана алады. Көтермелеудің түрлері мен тәртібі және еңбек, ұжымдық шарттар және жұмыс берушінің актілері арқылы анықталады. Бұл — бағалы сыйлықпен марапаттау, сыйақы беру, алғыс жариялау және басқалары болуы мүмкін. Көтермелеу туралы шаралар деректері еңбек кітапшасына жазылады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңында мемлекеттік қызметкерлерді адал еңбегі үшін көтермелеу шаралары көзделген. Мәселен, қызмет міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыста басқа да жетістіктерге қол жеткізгені үшін мемлекеттік қызметкерлерге мынадай көтермелеу шаралары қолданылады:

— жоғары қызмет алу жолымен қызмет бабында көтерілу немесе кезекті біліктілік сыныбын мерзімінен бұрын беру

— ақшалай сыйлықтар

— заңда көзделген көтермелеудің өзге де нысандары.

Ішкі еңбек тәртібі ережелерінде және тәртіп туралы жарғыларда көзделген көтермелеу шараларынан басқа қызметкерлер айрықша еңбек қызметі үшін жоғары тұрған органдарға көтермелеуге, Қазақстан Республикасының ордендерімен, медальдарымен, құрметті атақтарымен, құрмет грамоталарымен марапаттауға ұсынылады. Мәселен, білім беру мекемелерінің ерекше көзге түскен қызметкерлерін өңірге тағатын "Қазақстан Республикасының білім озаты" белгісімен марапаттау көзделген. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары туралы" арнайы заңында республиканың жоғары марапаттарына ұсынылған азаматтарды марапаттаудың тізбесі мен реті беріледі.

Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік лауазым иелері еңбек тәртібін бұзғаны үшін бағыныштылық тәртібімен жауап береді. Лауазым иелерінің кейбір топтары олардың атқарып отырған қызметінің айрықша сипатына байланысты бағыныштылық тәртіппен еңбек тәртібін бұзғаны үшін ғана емес, оның қадір-қасиетімен сыйыспайтын теріс қылықтары үшін де заңда көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

Тәртіптік теріс қылықтардың өзіне тән негізгі белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

— нақты кәсіпорынның (ұйымның) ішкі еңбек тәртібін қоғамдық қауіпті емес сипатта бұзу

— осы кәсіпорынмен (ұйыммен) еңбектік құқықтық қатынастарда тұратын жұмыскерлер жасайтын тәртіп бұзушылықтар

— жұмыскерлердің өздерінің еңбек міндеттерін құқыққа қарсы және кінәні орындамауларынан көрінетін тәртіп бұзушылықтар

— кінәлілікпен құқыққа қарсы іс-әрекеттің немесе әрекетсіздіктің арасындағы себепті байланыстар.

Жұмыс беруші еңбек тәртібін бұзғаны үшін, яғни жұмыскердің өзіне тапсырылған еңбек міндеттерін орындамағаны немесе ойдағыдай орындамағаны үшін тәртіптік жазалардың мынадай түрлерін қолдануға құқықты:

- ескерту
- сөгіс
- жеке еңбек шартын бұзу.

Тәртіптік жазалардың бұл көрсетілген тізімі толық болып табылады. Жұмыстан шығару еңбек тәртібін қасақана бұзатын және тәртіптік шаралар ықпалына көнбейтін қызметкерлерге қолданылатын ең ақырғы шара болып табылады. Жұмыстан шығару туралы еңбек кітапшасына жазылады. Жазалаудың өзге шаралары еңбек кітапшасына жазылмайды. Жұмыс берушіге тәртіптік жазалау қолдануға құқық берілген. Жұмыс беруші тәртіптік жазалауды қолданған кезде жасалған теріс қылықтың ауырлық дәрежесін, оның қандай жағдайда жасалғанын, қызметкердің бұдан бұрынғы мінез-құлқын, еңбекке көзқарасын, сондай-ақ тәртіптік жазаның жасалған теріс қылыққа сәйкестігін ескеруі керек. Жұмыс беруші тәртіптік жазаны теріс қылық ашылғаннан кейін қолдануы тиіс. Жаза қолданбас бұрын тәртіп бұзушыдан жазбаша түсініктеме талап етілуі керек. Жаза теріс қылық ашылған күннен бастап бір айдан қалдырылмай қолданылуы қажет және оны алты айдан кейін қолдануға болмайды. Әрбір еңбек тәртібін бұзғаны үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылатындығы белгіленген. Жаза бұйрықпен жария етіледі және жұмыскердің қолын қойдыру арқылы оған ескертіледі. [3]

Жұмыскерге осы көрсетілген талаптардың тым болмағанда біреуін бұзу арқылы берілген тәртіптік жазалар жарамсыз деп танылады.

Жұмыскерге одан жазбаша түрде түсініктеме алмай, мерзімін бұзу арқылы (ашылған күннен бастап бір ай ішінде және тәртіп бұзушылық жасалған күннен бастап алты ай ішінде) немесе жұмыскерге оның қолын қойдырмай жарияланған тәртіптік жазалаулардың заңдық күші жоқ. Жұмыскер өзінің еңбек міндеттерін дәлелсіз себептермен екінші рет бұзған жағдайда, егер ол бұрын да тәртіптік жаза алған болса, онымен жеке еңбек шартын бұзу туралы мәселені шешерде есепке алынбайды. Мұндай тәртіптік жазалауларды алып тастау жөнінде жеке еңбек дауларын қарау үшін белгіленген жалпы тәртіп бойынша шағымдануға болады (еңбек дауларын қарайтын келісім комиссиясына, сотқа). Бағыныштылық тәртібімен берілген жазалауларды алу үшін мемлекеттік қызмет жоғары тұрған органға (лауазым иесіне) не сотқа шағымдана алады.

Тәртіптік жазалаулардың олар қолданылған күннен бастап алты ай ішінде күші бар. Егер жұмыскерлерге осы мерзім ішінде жаңадан тәртіптік жаза қолданылмаса, онда оның тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі. 6 ай мерзім өткеннен кейін бұл туралы бұйрықтың шығарылғаны не шығарылмағанына қарамастан тәртіптік жаза өзінен-өзі күшін жояды. Жұмыскерлер жұмыста болған кезінде кәсіпорынға немесе мекемеге зиян келтіретін болса, материалдық жауапкершілікке тартылады. Бұл жағдайда жұмыскер жалақысынан төлеу арқылы келтірілген зиянның орнын толықтай өтейді. Сондықтан да жұмыскерді жұмысқа алғанда кәсіпорынның не мекеменің мүліктеріне ұқыпты болу талап етіледі. Кәсіпорынның немесе мекеменің мүлкін ұрлағаны үшін жұмыскер қылмыстық жауапқа тартылады. Сонымен, жұмыскер өзіне жүктелген еңбек міндеттерін ойдағыдай орындайды. Жұмыс беруші материалдық және моральдық көтермелеу шараларын, егер қажет болған жағдайда тәртіптік ықпал ету шараларын пайдалана алады. [5]

Жұмыс берушіге өндірістік жарақаттың алдын алатын техника қауіпсіздігінің осы заманғы құралдарын өндіріске енгізу, жұмыскерлердің кәсіби және өзге де науқастарға шалдығуына жол бермейтін санитарлық-гигиеналық шараларды қамтамасыз ету міндеттері жүктеледі. Жұмыс беруші, сонымен бірге жұмыскерлердің қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы, өртке қарсы сақтану жөніндегі барлық талаптарды сақтауын бақылап отырады. Егер комиссия еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру кезінде өрескел абайсыздық зиянның туындауына немесе оның ұлғаюына себеп болғандығын анықтаса, комиссия

тараптардың сабақтас жауаптылығын қолданады және жұмыскер мен жұмыс беруші кінәсінің дәрежесін пайызбен айқындайды деп көзделген.

Мысалы, еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісінде, «Жазатайым оқиғаның өндіріспен байланысы туралы және еңбек заңнамасының бұзылуына жол берген адамдар туралы комиссияның қорытындысы» бөлімі былайша толтырылады:

1) егер жұмыскер тарапынан өрескел абайсыздық болмаса, онда: 100% – жұмыс берушінің «кінәсі», ал жұмыскер – 0% деп толтырылады.

2) егер жұмыскер тарапынан өрескел абайсыздық көрсетілсе, онда шамамен: 50% – жұмыс берушінің «кінәсі», ал жұмыскер – 50%; 30% – жұмыс берушінің «кінәсі», ал жұмыскер – 70%; 70% – жұмыс берушінің «кінәсі», ал жұмыскер – 30% деп толтырылады және т.б.

Кейінгі бес жылда өндірісте 1412 жұмыскер қаза тапқан және оқиғалардың шамамен 50%-ында комиссия жазатайым оқиғаға жауапкершілікті қаза тапқан жұмыскерге жүктеді.

Аталған норманы қолдану, біріншіден, жұмыскерлердің – еңбек міндеттерін орындау кезінде денсаулығынан айырылған мүгедектердің зиянды өтеу сомасын ала алмауына әкеледі (мысалы, егер жұмыскердің жалақысы 100 мың теңге болса, онда жұмыскердің кінәсі 50% деген оған зиянды өтеу 50 мың теңге мөлшерінде төленетінін білдіреді). Соның салдарынан мүгедек жұмыскерлер отбасын ғана емес, енді өздерін де күте алмайды.

Егер жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаумен байланысты өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген кезде зиянды өтеуге құқық еңбек құқықтарының негізін қалаушылардың бірі екенін ескерсек, онда өндірістегі жазатайым оқиғаға байланысты зақымды өтеу оқиғаның болуына кім кінәлі екеніне қарамастан жүзеге асырылуға тиіс.

Екіншіден, жұмыс берушілерге қатысты Комиссия біле тұра кінәлілігі туралы шешім шығарады, бұл ішкі істер органдары мен соттардың шешім қабылдауына тікелей әсер етеді. Комиссия жұмыс берушінің кінәлі екені туралы шешім қабылдау отырып, құқық қорғау органдарының (ішкі істер органдары) мен соттардың функцияларын алмастырады.

Әйтсе де, практикада жұмыс беруші жұмыскермен болған жазатайым оқиғаға ылғи кінәлі бола бермейді. Мысалы, жұмыскер іссапарға жіберілді. Ұшақпен іссапарға бара жатқанда жұмыскер әуе апатына ұшырады. Мұндай жағдайда жұмыс берушінің кінәсі жоқ.

Дегенмен, адамның (адамдардың) кінәсін не кінәсіздігін қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу жолымен қылмыстық іс қозғау бойынша тергеуге дейінгі тексеру шеңберінде дәлелдеу керек екеніне қарамастан, комиссия еңбек заңнамасының талаптарын негізге ала отырып: «жұмыс берушінің кінәсі – 100%, жұмыскердің кінәсі – 0%» деп көрсетуге мәжбүрлі.

Сонымен қатар, талдау халықаралық практикада жазатайым оқиғаның өндіріспен ғана айқындалатынын және «тараптардың аралас жауапкершілігі» деген ұғым қолданылмайтынын көрсетеді.

Осыған байланысты еңбек қызметіне қатысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын рәсімдеу тәртібін регламенттейтін нормаларды қолдану тәжірибесі Азаматтық кодекске сәйкес келтіру және азаматтардың еңбек құқықтарының негізін қалаушылардың бірі болып табылатын еңбек міндеттерін орындаумен байланысты өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығынан жұмыскерді айыру мүмкіндігін алып тастау мақсатында өзгерістер енгізу қажеттілігін көрсетті. [6]

Сонымен қорыта келгенде, жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу және тәртіптік жауапкершілік, оның қағидаттары – бұл жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында, жұмыскердің белгілі бір жұмысты атқаруға, еңбек тәртібі ережесін сақтауға міндеттелуіне сәйкес жасалатын келісімі дұрыс жасалмауы. Осы келісімнің дұрыс рәсімделуі маңызды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс берушінің бастамасы бойынша өндіріс көлемі азайғанда не болмаса өндіріске жаңа технология енгізіліп, модернизациялану жүргізілген ретте, өндіріс көлемі арттырылған жағдайларда қызметкерлер саны мен штатының қысқартылуы мүмкін. Бұл жерде жұмыс беруші ҚР Еңбек кодексінің талаптары мен міндеттерін қатаң сақтағаны дұрыс, оның ішінде заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның, жеке кәсіпкердің, қорғаушылар, нотариустардың қызметі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, қызметкерлердің



уақытша еңбекке қабілетсіздік кезеңінде және жыл сайынғы еңбек демалысында жүрген кезеңінде еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға жол берілмейді. Сондай-ақ, еңбек шартын бұзатыны туралы жұмыс беруші қызметкерге бір ай бұрын жазбаша ескертуге міндетті, ал кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкерлермен еңбек шартын бұзу ұжымдық шартта көзделген тәртіппен, осы ұйымның кәсіподағы органының дәлелді пікірін ескере отырып жүргізіледі.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP09259109).*

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 5 қаңтарындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы // <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> 07.01.2021.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 15 қаңтарындағы VII шақырылымындағы ҚР Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзі // [https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-qymbat-kasym-zhomart-tokaev\\_a3737118](https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-qymbat-kasym-zhomart-tokaev_a3737118) 17.01.2021.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_06.06.2019](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_06.06.2019).

4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қараша № 414-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414> 20.01.2019.

5. Хамзина Ж.А. Вопросы к качеству нормативного постановления «О некоторых вопросах применения судами законодательства при разрешении трудовых споров» // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37456619#pos=5;-116](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37456619#pos=5;-116) (30.06.2020.)

6. Еңбек даулары бойынша азаматтық іс № 6001-18-00-32п/418

7. Хамзина Ж.А., Хамзин А.Ш. Сот арқылы әлеуметтік-еңбек дауларын қарау туралы // [http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal\\_file/file20210627055521.pdf](http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20210627055521.pdf)

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО  
CIVIL LAW**

МРНТИ 10.27.01  
УДК 347

Б.А. Тайторина<sup>1</sup>, М.Т. Бейсенбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

<sup>2</sup>Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

*Аңдатпа*

Мақалада заңнаманы талдау негізінде электр энергиясын өндіру; электр энергиясын беру; электр энергиясымен жабдықтау; электр энергиясын тұтыну; электр энергетикасы саласындағы өзге де қызмет сияқты секторларды қамтитын Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы құқықтық реттеу проблемалары қаралды. Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама шеңберінде елдің жаңартылатын энергия көздерінің әлеуетін бағалауға ерекше назар аударылды. Баламалы энергетиканың тартымдылығы ресурстардың сарқылмауымен, әлемдік энергия нарықтарындағы бағаның өсуіне және экологиялық тазалыққа байланысты. Мақалада көптеген елдер жаңартылатын энергия көздеріне қатысты ұстанатын заманауи саясатқа баса назар аударылған. Мемлекеттердің саясаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытудың мынадай құқықтық қағидаттары мен тетіктерінің негізінде осы саладағы құқықтық қатынастарды кеңейтуге ықпал етеді: елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; жаңартылатын энергия көздерін дамыту құралдарын кеңінен пайдалану; жаңартылатын энергия көздерін енгізу және дамыту саласындағы қатынастарға қатысушыларды мемлекеттік қолдаудың басымдығы; Қазақстан Республикасының парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындауға жәрдемдесу; жаңартылатын энергия көздерінен алынған энергияны кепілді өткізу; жаңартылатын энергетикалық технологияларға қол жеткізу; жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

**Түйін сөздер:** құқықтық реттеу, электроэнергетика, баламалы энергетика, жасыл экономика, жаңартылатын энергия көздері.

Б.А. Тайторина<sup>1</sup>, М.Т. Бейсенбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

<sup>2</sup>Казахский национальный аграрный университет

**ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ  
В СФЕРЕ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*Аннотация*

В статье на основе анализа законодательства рассмотрены проблемы правового регулирования в области электроэнергетики Республики Казахстан, включающей такие секторы как производство электрической энергии; передача электрической энергии; снабжение электрической энергией; потребление электрической энергии; иная деятельность в сфере электроэнергетики. Особое внимание уделено оценке потенциала возобновляемых источников

энергии страны в рамках Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике». Привлекательность альтернативной энергетики связана с неисчерпаемостью ресурсов, независимостью от скачков цен на мировых рынках энергоносителей и экологичностью. В статье сделан акцент на современную политику, которой придерживаются многие страны в отношении возобновляемых источников энергии. Политика государств способствует расширению правовых отношений в этой области на основоисследующих правовых принципов и механизмов использования и развития возобновляемых источников энергии: обеспечение энергетической безопасности страны; широкое использование инструментов развития возобновляемых источников энергии; приоритет государственной поддержки участников отношений в области внедрения и развития возобновляемых источников энергии; содействие выполнению международных обязательств Республики Казахстан по сокращению выбросов парниковых газов; гарантированная реализация энергии, полученной из возобновляемых источников энергии; доступность возобновляемых энергетических технологий; расширение международного сотрудничества в области использования и развития возобновляемых источников энергии.

**Ключевые слова:** правовое регулирование, электроэнергетика, альтернативная энергетика, зеленая экономика, возобновляемые источники энергии.

*B.A. Taitorina<sup>1</sup>, M.T. Beissenbayeva<sup>2</sup>*  
*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*  
*<sup>2</sup>Kazakh National Agrarian University*

## **LEGAL REGULATION IN THE SPHERE OF ELECTRICITY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

### *Abstract*

Based on the analysis of legislation, the article examines the problems of legal regulation in the field of the electric power industry of the Republic of Kazakhstan, which includes such sectors as the production of electrical energy; transmission of electrical energy; supply of electrical energy; consumption of electrical energy; other activities in the electric power industry. Particular attention is paid to assessing the potential of the country's renewable energy sources within the framework of the Concept for the transition of the Republic of Kazakhstan to a "green economy". The attractiveness of alternative energy is associated with the inexhaustibility of resources, independence from price surges in world energy markets and environmental friendliness. The article focuses on the current policy followed by many countries in relation to renewable energy sources. The policy of states promotes the expansion of legal relations in this area on the basis of the following legal principles and mechanisms for the use and development of renewable energy sources: ensuring the country's energy security; widespread use of instruments for the development of renewable energy sources; priority of state support for participants in relations in the field of introduction and development of renewable energy sources; assistance in fulfilling the international obligations of the Republic of Kazakhstan to reduce greenhouse gas emissions; guaranteed sale of energy obtained from renewable energy sources; availability of renewable energy technologies; expansion of international cooperation in the use and development of renewable energy sources.

**Keywords:** legal regulation, electricity, alternative energy, green economy, renewable energy sources.

### **Кіріспе**

2020 жылы Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы тарихында елеулі оқиға - елді электрлендірудің 100 жылдығы тіркелді: елдің электр энергетикасы тарихының есебі 1920 жылғы 22 желтоқсаннан басталады, ол кезде құрамына Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы кірген Кеңес Одағын электрлендіру жоспары қабылданды. Алайда, осы саланың генезисі бұрынғы оқиғаларға оралады: Қазақстан аумағындағы алғашқы гидравликалық станция 1892

жылы салынған. XX ғасырдың басында республика аумағындағы барлық электр станцияларының қуаты 2,5 МВт-тан аспады. XX ғасырдың 30-жылдарына қарай Қазақ КСР-інде электр станцияларының қуаттылығы 12,5 МВт-қа жетті. Бүгінгі таңда Қазақстанның жалпы энергетикалық қуаты 23 мың МВт-тан асады. 2020 жылы бағамы - 105 млрд.кВ-тан астам өндіріліп жаңа деңгейге жетті, оның 3%-ы жаңартылатын энергия көздеріне тиесілі.

Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (БЭЖ) республиканың тұтынушыларын сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілерінің және шағын станциялардың жиынтығын білдіреді. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеп, айқындайды. Қазақстан Республикасының электр энергетикасы секторының жұмыс істеуінің құқықтық негіздері "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-ІІ Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады, онда сектор жұмысының қағидаттары белгіленген және кейіннен электр энергетикасына қатысы бар барлық басқа нормативтік құжаттарда көрініс табатын түйінді тұжырымдамалар сипатталады. "Электр энергетикасы туралы" Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейтін негізгі орган болып табылады. Электр энергетикасы секторындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін жауапкершілік Энергетика министрлігіне жүктеледі: Министрліктің 70-ке жуық құзыреті "Электр энергетикасы туралы" заңда көрсетілген. Энергетика министрлігінің басты міндеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен бекітілген отын-энергетика секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, жалпы экономика тұрғысында электр энергетикасы секторын дамытудың мемлекеттік пайымын іске асыру болып табылады [1].

Құқықтық өрісте отын-энергетика секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру электр энергетикасы саласындағы заңнама нормаларын қолдану тұрғысынан көрінеді: 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы, "энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы, "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.; "жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. Отын-энергетика секторын дамыту тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасының "Электр энергетикасы туралы" Заңын іске асыру мақсатында электр қондырғыларын орнату қағидалары, электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидалары, тұтынушылардың станциялары мен электр қондырғыларының энергия жабдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары және басқа да нормативтік-құқықтық актілер [2] әзірленіп, қолданылады.

Монополияға қарсы және баға саясатын бекіту жөніндегі негізгі орган, сондай-ақ сектордың нақты реттеуші органы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (ҚР ҰЭМ ТМР) болып табылады. ҚР ҰЭМ ТМР электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарығына қатысушылардың монополияға қарсы заңнаманы сақтауын бақылайды және кез келген бұзушылыққа қатысты санкциялар қолданады. ҚР ҰЭМ ТМР жылу және электр энергетикасы бөлігінде: электр энергиясын беруді және/немесе бөлуді; жылу энергиясын өндіруді, беруді, бөлуді және/немесе жабдықтауды; электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіруді; электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді қамтитын табиғи монополиялардың қызметтеріне тарифтерді белгілейді. Электр энергиясын өндірушілер үшін көтерме деңгейдегі бағалық реттеуді (шекті тарифтерді) Энергетика министрлігі тұлғасында мемлекет белгілесе, ҚР ҰЭМ ТМР электр және жылу энергиясына бөлшек сауда нарығындағы (түпкі тұтынушылар үшін) тарифтік саясатты, сондай-ақ электр және жылу энергиясын бөлу, беру және өткізу тарифтерін айқындайды.

Электр энергиясы мен қуатын өндірушілердің, сондай-ақ ірі тұтынушылардың мүдделері "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы, KAZENERGY, ТМКК және басқа да алаңдар арқылы ұсынылады. Қазақстан электр энергетикалық Қауымдастығы (ҚЭЖ) басқаратын Нарық кеңесі электр энергетикасы мен нарықтағы ахуалды қадағалайды және нарық қатысушылары мен Энергетика министрлігі арасында байланыстырушы буын ретінде әрекеттеседі, электр энергиясы нарығының мониторингін және нарық қатысушыларының заңнамалық өзгерістер туралы пікірлерін жүзеге асырады. 2019 жылы қуат нарығын іске қосуға дайындық аясында электр станцияларының инвестициялық бағдарламаларын қарастыруда ҚЭЖ-тың рөлін атап өткен жөн.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазақстан Республикасының Электр энергетикасымынадай секторларды қамтиды: электр энергиясын өндіру; электр энергиясын беру; электр энергиясымен жабдықтау; электр энергиясын тұтыну; электр энергетикасы саласындағы өзге де қызмет [2].

Электр энергиясын өндіру секторы.

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы электр станциялары жүзеге асырады.

Электр станциялары: ұлттық маңызы бар электр станцияларына, өнеркәсіптік кешендер құрамындағы электрстанцияларына, өңірлік маңызы бар электр станцияларына бөлінеді.

Ұлттық маңызы бар электр станцияларына Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында тұтынушыларға электр энергиясын өндіру мен сатуды қамтамасыз ететін ірі жылу электр станциялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің жүктеме кестесін реттеу үшін қосымша пайдаланылатын қуаты үлкен гидравликалық электр станциялары жатады.

Өнеркәсіптік мақсаттағы электр станцияларына ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды және жақын орналасқан елді мекендерді электрмен, жылу мен жабдықтау үшін қызмет ететін электр және жылу энергиясын аралас өндіретін ЖЭО жатады.

Өңірлік маңызы бар электр станциялары – бұл өңірлік электр желілік компаниялар мен энергия беруші ұйымдардың желілері арқылы электр энергиясын өткізуді, сондай-ақ жақын орналасқан қалаларды жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын аумақтармен интеграцияланған ЖЭО.

Электр энергиясын беру секторы

Қазақстан Республикасының электр желілері электр энергиясын беруге және/немесе таратуға арналған кернеуі 0,4–1150 кВ шағын станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды жалғайтын электр беру желілерінің жиынтығы болып табылады. Қазақстан Республикасының БЭЖ-дегі жүйе құраушы желінің рөлін республиканың өңірлері мен шектес мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелері арасындағы электр байланыстарын, сондай-ақ электр станцияларының электр энергиясын беруін және оны көтерме тұтынушыларға беруін қамтамасыз ететін Ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) орындайды. ҰЭЖ құрамына кіретін, кернеуі 220 кВ және одан жоғары электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын шағын станциялар, тарату құрылғылары, өңір аралық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілері жән електр беру желілері "KEGOC" АҚ теңгерімінде болады.

Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлер ішіндегі электр байланыстарын, сондай-ақ электр энергиясын бөлшек тұтынушыларға беруді қамтамасыз етеді. Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлік электр желілік компаниялардың (ӨЭЖ) балансында және пайдалануында болады.

Энергия беруші ұйымдар шарттар негізінде электр энергиясын көтерме және бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға меншікті немесе пайдаланылатын (жалға алу, лизинг, сенімгерлік басқару және өзге де пайдалану түрлері) электр желілері арқылы беруді жүзеге асырады.

Электр энергиясымен жабдықтау секторы.

Қазақстан Республикасының электр энергиясын арығының электрмен жабдықтау секторы энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын сатып алуды және оны кейіннен түпкілікті бөлшек тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын

энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан (ЭЖҰ) тұрады. ЭЖҰ-ның бір бөлігі электр энергиясын "кепілдік беруші жеткізушілер" функциясын орындайды.

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – ЖЭК) әлеуеті өте жоғары. 2009 жылғы 4 шілдеде "жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының № 165-IV Заңы қабылданды. 2014 жылғы тамызда қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Қазақстандағы су, жел және күн энергиясы сияқты ЖЭК-тің елеулі әлеуетін растайтын Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңартылатын энергия көздері жөніндегі департаментті (Энергетика министрлігінің құрылымдық бөлімшесі) құрды. Өз кезегінде ЖЭК департаменті ЖЭК саласында қойылған міндеттерді тез арада орындауға бағытталған бір қатар нормативтік-құқықтық актілерді әзірледі.

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының № 165-IV Заңына 2013 жылғы өзгерістер мен толықтырулар Қазақстанда ЖЭК-ті қолдау тетігін түбегейлі өзгертті. Жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) секторына инвестицияларды ынталандыру және Қазақстанның энергия балансында ЖЭК пайдалану үлесін арттыру мақсатында Есеп айырысу-қаржы орталығы құрылды. Қаржы-есеп айырысу орталығы тіркелген тарифтер бойынша барлық ЖЭК объектілерінен (өзі үшін осы қолдау схемасын тандаған) мемлекет тарапынан электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды жүзеге асырады [3].

ҚР Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдамасы бекітілді. Үкіметтің 2013 жылғы 31 шілдедегі қаулысымен Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. "Жасыл экономикаға" көшу Тұжырымдамасына сәйкес 2020 жылға қарай Қазақстанда электр энергиясын өндіру көлеміндегі ЖЭК баламалы көздерінің үлесі 3%-ға, 2030 жылға қарай – 30%-ға, ал 2050 жылға қарай-50%-ға жетеді. Баламалы энергетиканың тартымдылығы ресурстардың сарқылмауымен, әлемдік энергия нарықтарындағы бағаның өсуіне және экологиялық тазалыққа байланысты болып табылады.

Күн электр станциялары. Күн энергиясы-электр энергиясының ең перспективалы көзі, ол дәстүрлі қазбалы энергия көздерін алмастыра алады және тіпті нарықтан ығыстыра алады, болашақта әлемдік электр энергиясына деген қажеттілікті толығымен жабады. Сіз бұл энергияны Жер шарының кез-келген жерінде тоқтаусыз және толығымен тегін ала аласыз, ал күннің мінез-құлқы жел тудыратын ауа массаларының қозғалысына қарағанда метеорологиялық жағынан әлдеқайда болжамды. Күн энергиясының тартымдылығы-бұл шығындар ғана емес. Бұл ең демократияланған және орталықтандырылмаған энергия көзі. Болашақтың энергиясы күн энергиясын кең ауқымды пайдалануға және оның әр түрлі көріністеріне негізделуі керек. Күн-үлкен, таусылмайтын, мүлдем қауіпсіз энергия көзі. Бір апта ішінде жер бетіне түсетін күн энергиясының толық мөлшері әлемдегі барлық мұнай, газ, көмір және уран қорларының энергиясынан асады. Күн электр станцияларын жергілікті энергетикалық мәселелерді де, энергетиканың жаһандық мәселелерін де шешу үшін пайдалануға болады.

Күн энергетикасының неғұрлым перспективалы технологиясы күн элементтері – фото-электрлік ток түрлендіргіштері (ФЭП) – күн энергиясын электр энергиясына тікелей түрлендіретін жартылай өткізгіш құрылғылары бар фотоэлектр станцияларын құру болып табылады. Bloomberg New Energy Finance tot компаниясы 2016 жылы жаңартылатын қуат көздері бүкіл әлемдегі барлық жаңа электр қуатының 55 пайызын қамтамасыз етті деп есептеді.

Күн энергиясы ең арзан энергия көзі болып табылады, 2009 жылдан бастап күн энергиясының бағасы 62 пайызға төмендеді, өйткені шығындар жеткізу тізбегінің барлық жерінде азаяды. Жаңартылатын энергия әлемнің 30 елінде жылудан арзанға түсті. Сарапшылар мен нарық сарапшылары келесі онжылдықта күн энергиясы бүкіл әлемдегі энергияның ең арзан түрі - көмірден де арзан болады деп болжайды. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, күн энергиясының белгіленген бағасы төмендей береді. Сарапшылар бұл бағалар бәсекелестіктің күшеюі,

тиімділікті арттыру және күн жабдығының бағасын төмендету арқылы құлдырауды жалғастырады деп күтеді [3]. Тұтастай алғанда, болашақта әлемдік күн энергетикасының дамуын қарастыратын болсақ, сарапшылар күн фотоэлектрлік энергетика (тиісті энергия сақтау шығындарын қосқанда) 2040 жылға қарай әлемдік электр энергиясының 23% және 2050 жылға қарай 29% өндіре алады деген қорытындыға келеді.

Су электрстанциясы (ГЭС) – су ағынының энергиясын энергия көзі ретінде пайдаланатын электр станциясы. Гидроэлектрстанциялар әдетте өзендерде салынып, бөгеттер мен су қоймаларын салады. ГЭС-те электр энергиясын тиімді өндіру үшін екі негізгі фактор қажет: жыл бойы сумен кепілді қамтамасыз етілуі және өзеннің ықтимал үлкененістері, гидрокұрылысқа каньон тәрізді бедер түрлері қолайлы. Гидроэлектрстанциялар (ГЭС) жұмысының негізгі қағидасы биіктік айырмашылығына байланысты судың механикалық энергиясын турбина және генераторлар арқылы электрэнергиясына айналдыру болып табылады.

Гидроэлектрстанциялардың бірнеше түрлері бар: бөгеттер, деривациялық және гидроаккумуляциялық станциялар. Бөгеттік ГЭС станциялардың ең көп таралған және қуатты түрі болып табылады. Мұнда өзен арнасын бөгеу және су қоймасын құру үшін бөгет қолданылады. Суды ағызу резервуардағы деңгейді ұстап тұру үшін немесе электрэнергиясына сұраныс туындаған кезде жүзеге асырылады. Деривациялық тип өзеннің бүкіл ағынын бөгеттік ГЭС ретінде пайдаланбайды, ал арналар мен су бұрғыштар арқылы турбинаға беру үшін өзеннен судың бір бөлігін ғана алады. Тиісінше, мұндай станциялар үшін бөгет салу қажет емес. Аккумуляторлық станциялар электр энергиясына сұраныс пен баға жоғары болмаған кезде және сұраныс өзгерген кезде суды төменгі резервуардан жоғары резервуарға жібереді. Толқындар мен толқындардың энергиясы арқылы жұмыс істейтін теңіз станциялары бар.

СЭС орталық электр желілері, оқшауланған электр желілері және қашықтағы энергия көздері үшін электр энергиясын, сондай-ақ сенімділікті, төмен пайдалану шығындарын және электрэнергиясы бағасының өзгеруіне тәуелділікті азайтуды қамтамасыз етеді.

БҰҰ-ның өнеркәсіптік даму және халықаралық шағын энергетика орталығының шағын гидроэнергетиканың әлемдік дамуы туралы баяндамасына сәйкес, гидроэнергетика жаңартылатын энергияның ең көп таралған көзі болып табылады.

### **Қорытынды**

2020 жылы Қазақстанда салаға 60 млрд теңге тартылды, жиынтық қуаты 583 МВт болатын ЖЭК 25 жобасы іске асырылды (оның ішінде 203,45 МВт-қа 11 ЖЭС, 4,5 МВт-қабір ГЭС, 369,65 МВт-қа 12 КЭС, 5,4 МВт-қа екі БиоЭС, барлығы \$510 млн жуық инвестиция салынды). Жамбыл облысында жаңа күн электр станциясы іске қосылды.

2021 жылы электр қуаты нарығы аясында энергияның осы түрін өндіру секторына 59 млрд теңге тарту жоспарлануда. Сондай-ақ, инвестициялық бағдарлама аясында КЕГОС бірнеше жобаны жүзеге асыруда. Ең ірі қаржыландыру қуаты 220-500 кВ ӘЖ реконструкциялауға тиесілі – жалпы алғанда 151 млрд теңге, 2021 жылы-11,7 млрд теңге. Түркістанда жұмыс істейді күшейту схемасын сыртқы электроснажения салады, электр желілік объектілер. Бұл жобаның құны 8 млрд теңге, биыл - 6,8 млрд теңге. Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту жүргізілуде. Қаржыландырудың жалпы көлемі 50 млрд теңгені құрайды, 2021 жылы-3,5 млрд теңге, жалпы инвестиция көлемі 36 млрд теңгені құрайтын Шардара СЭС жаңғыртылды.

Қазақстанда 2021 жылы \$370 млн. жасыл электр станцияларын, қуаты 391,09 МВт болатын 23 ЖЭК объектісін (оның ішінде 244,56 МВт-қа 12 жел электр станциясы (ЖЭС), 69,49 МВт-қа алты су электр станциясы (ГЭС), 76,95 МВт-қа бес күн электр станциясын (КЭС) енгізу іске қосу жоспарлануда. Нәтижесінде экологиялық станциялар есебінен 3,5 млн кВт сағ өнім өндіріледі, ЖЭК үлесі 3,3% - ға жоспарланған. Жыл соңында объектілердің жалпы саны белгіленген қуаты 2 мың МВт болатын 138-ге жетеді.

Мемлекет ең озық қолжетімді технологияларды (ОҚТ) енгізу мақсатында кәсіпорындарды қоршаған ортаныластағаны үшін төлемдерден алдағы 10 жылға босатады.

Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне ең көп қауіп төндіретін 50 кәсіпорын бар, олардың үлесіне барлық зиянды шығарындылардың 80%-ы тиесілі: "Теңіз шевройл" ЖШС, "ҚазМұнайГаз "ҰК" АҚ, "ПетроҚазақстан Ойл Продактс" ЖШС, "АрселорМитталТеміртау" АҚ, "Қазақ мыс корпорациясы" ЖШС және басқалары. Жаңа экологиялық кодекстің қабылдануына байланысты бұл кәсіпорындарда ОҚТ-ға көшуге дайындықты бағалау үшін технологиялық аудит жүргізілетін болады.

Бүгінгі таңда республикада электр қуатының профициті (2000 МВт) маневрлік қуаттардың тапшылығымен қатар жүреді. Тәулік ішінде электр энергиясын тұтыну біркелкі емес, кешкі сағаттардың жоғарылауымен және түнде төмендеуімен, электр станцияларының жедел ауыспалы жұмысын талап етеді. Қолданыстағы электр станцияларының қолданыстағы реттеу мүмкіндіктері жеткіліксіз, сондықтан жүйелік оператор Ресейдің энергия жүйесін реттеуді қолдануға мәжбүр. Ресей БЭЖ-нің теңгерімсіздігі 600-800 МВт-қажет еді. Мемлекет маневрлік қуаттар салуды ынталандыру шараларын қабылдайды. Оларды өндіріс-тұтыну теңгерімсіздіктерін реттеуге тарту үшін маневрлік қуаттарды дамыту ресейлік реттеуді пайдаланудың орнына Қазақстанның электр станциясындағы ауытқуларды өтеу жөніндегі қызметтердің бір бөлігін сатып алуды қайта бағыттауға мүмкіндік береді. Маневрлік генерацияны құру жөніндегі жобаларды іріктеу аукциондық іріктеуді қолдану арқылы жүзеге асырылатын болады, бұл осындай көздердің құрылысына серпін беруге, түпкілікті тұтынушылар үшін бағаларға ең аз әсер ететін неғұрлым тиімді жобаларды таңдауға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі энергия өндіруші ұйымдар шекті тарифтерге тиісті түзету енгізілген кезге дейін орны жабылмайтын шығындарға ұшырайды. ЖЭК-ті дамытуға байланысты шығындардың өзгеруі ЭӨҰ-ның шекті тарифтерін тұрақты және уақтылы түзетуді талап етеді. Осыған байланысты шаралар қабылдануда, олардың негізгілері ЖЭК қолдауға толассыз тариф белгілеу; жаңартылатын энергетиканы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Электр энергетикасы саласын дамытудың түпкі мақсаты экономикалық өсуді және ел халқының өмір сүру сапасын арттыруды қолдау үшін Қазақстанның энергетикалық ресурстарының тиімділігін арттыру болып табылады. 2030 жылға қарай қолжеткізілуі тиіс стратегиялық басымдықтардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: энергетикалық қауіпсіздік; ресурстық базаны дамыту (электр энергетикасында озық технологияларды енгізу); Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі шеңберінде баламалы және жаңартылатын энергия көздерінде электр энергиясын өндіру үлесін 2030 жылға қарай 30%-ға дейін және 2050 жылға қарай 50%-ға дейін ұлғайтуды қоса алғанда, электр энергетикасы саласының қоршаған ортаға теріс әсерін төмендету [5].

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысы. -[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31581132#pos=1;-190](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31581132#pos=1;-190)*
2. *Государственное регулирование и структура электроэнергетики Республики Казахстан. - <https://www.kegoc.kz/report2014/rus/gos-regular.php>*
3. *Возобновляемые источники энергии. - <https://www.energypartner.kz>*
4. *Телеуев Г.Б. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытуды құқықтық қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттерінің заңдары мен тәжірибесін салыстырмалы талдау)»: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: Талдықорған, 2017. – 177 б.*
5. *Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы. - <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000577>*



МРНТИ:10.07.01  
УДК:347

Тлебаева Г.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

## ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ НА ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО

### Аннотация

В настоящей статье рассматривается процесс цифровой трансформации, создающий появление конфигурации новых общественных отношений и форм реализации субъективных гражданских прав.

Активное развитие цифровых услуг приводит к существенному изменению современного законодательства и механизма правового регулирования цифровых технологий. Процесс оцифровки должен быть направлен на упрощение юридических действий в цифровом пространстве, что неизбежно изменит современный гражданский оборот.

**Ключевые слова:** цифровизация, цифровые права, гражданское право, цифровые технологии

G.M. Tlebayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

## THE IMPACT OF DIGITALIZATION ON CIVIL LAW

### Abstract

This article examines the process of digital transformation, which creates the appearance of a configuration of new social relations and forms of realization of subjective civil rights. The active development of digital services leads to a significant change in modern legislation and the mechanism of legal regulation of digital technologies. The digitization process should be aimed at simplifying legal actions in the digital space, which will inevitably change the modern civil turnover.

**Keywords:** digitalization, digital rights, civil law, digital technologies

G.M. Tlebayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

## ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚҚА ӘСЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада жаңа әлеуметтік қатынастардың конфигурациясы мен субъективті азаматтық құқықтарды жүзеге асыру формаларының пайда болуын тудыратын цифрлық трансформация процесі қарастырылады. Цифрлық көрсетілетін қызметтердің белсенді дамуы қазіргі заманғы заңнаманың және цифрлық технологияларды құқықтық реттеу тетігінің елеулі өзгеруіне алып келеді. Цифрландыру процесі цифрлық кеңістіктегі заңды әрекеттерді жеңілдетуге бағытталуы керек, бұл қазіргі заманғы азаматтық айналымды сөзсіз өзгертеді.

**Түйін сөздер:** цифрландыру, цифрлық құқықтар, азаматтық құқық, цифрлық технологиялар

### Введение

Современное общество продолжает переходить от индустриального общества к информационному, в котором экономика выступает в качестве основного средства производства. В информационных технологиях происходят естественные и динамичные изменения, роль

құқық қағидаттарын бес негізгі блокқа бөлу мемлекеттің басқару қызметінің оның өмірінің барлық салаларындағы мәні мен маңыздылығын академиялық түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік құқық қағидаттарын теориялық және заңнамалық тұрғыдан бекіту мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі үшін, оның ішінде мемлекеттік органдарды қалыптастыру, органдарға жүктелген міндеттер мен функциялар шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің қызметін жүзеге асыру үшін бастапқы сәттерді, сондай-ақ әкімшілік-құқықтық қатынастарды заңмен реттеудің нормативтік негізделген бағытын айқындайды, тұтастай алғанда әкімшілік заңнаманың даму үрдістерін айқындайды.

Әкімшілік мәжбүрлеу институтын, оның ішінде әкімшілік жауапкершілік институтын іске асыру тетіктері әкімшілік қызметтің осы жағын делдалдайтын негізгі идеялар ретінде әкімшілік құқық қағидаттарына негізделеді. Сонымен бірге, қазіргі әкімшілік құқық ғылымында әкімшілік-деликтілік құқық қағидаттарының жалпы заңдылықтарын тұжырымдауға талпыныс жасалды. Б.А. Жетпісбаев генетикалық тұрғыдан байланысты әкімшілік мәжбүрлеу институтының қағидаттары Мемлекеттік басқарудың жалпы қағидаттарынен туындауы керек деген әдіснамалық маңызды тұжырымға келеді: "мемлекеттік басқару органдарының атқарушылық-әкімшілік қызметінің бір түрі бола отырып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік басқарудың жалпы қағидаттарыне негізделеді. Заңнамада белгіленген тиісті қағидаттарды сақтау адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды толық қамтамасыз ету үшін қажет.

Әкімшілік жауапкершілік институтының Конституциялық-құқықтық қағидаттарының неғұрлым барабар нысандағы оңтайлы мәні оның шараларын іске асыру процесінде көрінеді. Осы аспектіде Қазақстан Республикасының Конституциясында қоғамдық қауіпсіздік пен құқық тәртібінің негіздері азамат пен Адамның құқықтары мен бостандықтары арқылы айқындалатынын атап өткен жөн. Сондықтан азамат пен Адамның құқықтары мен бостандықтарын шектейтін әкімшілік жаза тағайындауда қателіктерге жол бермеу үшін әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдануда үлкен әдептілік пен сақтық таныту керек. Егер құқықтық мемлекеттің негізгі конституциялық қағидаты – адамның құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттің басқа құндылықтарынан басымдығы қағидаты бұзылса, "Мемлекеттік биліктің мәжбүрлі күшіне" шамадан тыс тәуелділік салдары болуы мүмкін.

Мұндай тұжырымдар Республиканың құқықтық жүйесінің негізгі доктринасы мен негізгі қағидаты ретінде адамның табиғи құқықтары теориясының тұжырымдамасы алынғандығынан туындайды. Сондықтан қазіргі әкімшілік заңнама центризм персоналының мемлекет саясатындағы жүйелік центризмнен басымдығын қамтамасыз етеді, яғни мемлекет ұжымдық демократия тұжырымдамасынан ресми түрде бас тартады және әр адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарын басымдық ретінде таниды [16, 18 б.].

### **Қорытынды**

Әкімшілік жауапкершілік қағидаттарын зерттеу әкімшілік жауапкершіліктің әлеуметтік, құқықтық және моральдық жағын сипаттауға ғана емес, сонымен бірге оның нақты мазмұнын, әкімшілік құқықтың жекелеген нормалары мен институттарының мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Мұның бәрі практикалық мәселелерді дұрыс шешу үшін өте қажет. Әкімшілік құқықтың қазіргі заманғы ғылымы әкімшілік жауапкершілік институтының пайда болуы мен іске асырылу заңдылықтарын негіздеу үшін ғана емес, сонымен бірге "әкімшілік құқық бұзушылық туралы қолданыстағы заңнамадағы әкімшілік жауапкершілік қағидаттарының жүйесін" бекіту үшін жеткілікті теориялық негізге сүйенеді [17, 11 б.]. Сонымен бірге, егер әкімшілік бұлтартпау және мәжбүрлеп әкімшілік қалпына келтіру институттарының құқықтық қағидаттары жүйесін қолданыстағы әкімшілік заңнаманың нормаларын пайдалана отырып, Әкімшілік құқық ғылымының доктриналық қалыптасқан теориялық постулаттары негізінде синтездеуге тура келсе, онда әкімшілік жауапкершілік институтының қағидаттары қолданыстағы әкімшілік заңнаманың нормалары жүйесінде толық көрініс тапты.

Жоғарыда аталған қағидаттармен қатар әкімшілік жауапкершілік институтын сипаттау үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің процесілік қағидаттары үлкен практикалық мәнге ие, олардың негізін әкімшілік процесінің жалпы қағидаттары құрайды. Жоғарыда айтылғандардың контекстінде әкімшілік жауапкершілік институтының материалдық



және іс жүргізушілік қызметтері арасындағы байланыс әкімшілік жауапкершіліктің маңызды жағын жақсы сипаттайтыны маңызды, әсіресе бұл тек теориялық ғана емес, сонымен қатар әкімшілік жауапкершілік институтының шараларын жүзеге асыру заңдылықтарын зерттеудің практикалық аспектілерінде де пайдалы.

Әкімшілік жауапкершілік қағидаттарын іс жүргізу және оларды жарамды деп тану үшін елеулі маңызы бар, шешім қабылдау процесінде дәлелдемелік күші бар барлық фактілерді тиісті, заңды қарауды және бағалауды қамтамасыз ететін жалпыға міндетті талаптар жүйесі ретінде қарастыруға болады.

Әкімшілік жауапкершілік институты қағидаттарының рөлі мен маңызы қағидаттар қоғамдық даму заңдылықтарын, қоғамның нормативтік реттеудегі қажеттілігін, сондай-ақ әлеуметтік шарттылық пен құқықтың шынайы өмір жағдайларына тәуелділігін көрсетеді, мемлекеттік органдардың барлық құқық шығармашылығы, құқық қолдану және құқық қорғау қызметі үшін бағдар ретінде қызмет етеді. Тұтастай алғанда мемлекеттің құқықтық жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығы құқық қағидаттарын сақтау дәрежесіне байланысты.

Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі жағдайында әкімшілік жауапкершілік институты заңнамалық деңгейде неғұрлым жоғары сапалы деңгейге шығарылады және атқарушы билік органдары мен соттардың қолында әкімшілік құқық бұзушылыққа ғана емес, жалпы қылмысқа қарсы күрестің тиімді құралы ретінде пәрменді құрал ретінде танылады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Административная ответственность в российском праве: дис. ... докт. Юрид. наук: 12.00.14 / Дугенец А.С. – М., 2005. – 373 с.*
- 2 *Лившиц Р.З. Теория права: Учебник. – М.: Издательство БЕК, 1994. – 224с.*
- 3 *Галлиган Д., Полянский В.В., Стариков Ю.Н.. Административное право: история развития и основные современные концепции. — М.: Юристъ, 2002. – 410 с.*
- 4 *Теория государства и права / С.С.Алексеев и др. – М., 1998.*
- 5 *Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. – М., 2001. – 352 с.*
- 6 *Лившиц Р.З. Современная теория права: краткий очерк. – М., 1992. – 93 с.*
- 7 *Стариков Ю.Н. Курс общего административного права. – В 3т. - Т. 1. История. Наука. Предмет. Нормы. Субъекты. – М., 2002. – С. 363.*
- 8 *Кешикова Н.В. Принципы права в свете постнеклассической юридической рациональности // Известия Иркутской государственной экономической академии. – 2012. - № 5. – С. 109-115.*
- 9 *Подопригора Р.А. Стратегические вопросы развития административной юстиции в Казахстане // [https://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=34359522&mode=p&page=2](https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=34359522&mode=p&page=2).*
- 10 *Жетписбаев Б.А. Административный процесс: производство по делам об административных правонарушениях в Республике Казахстан: Учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2002. – 220 с.*
- 11 *Йорг Пуделька. Общие принципы административного производства // Ежегодник публичного права. Принципы административных процедур и административного судопроизводства. - 2018. – С. 2-9.*
- 12 *Лебедев В.М. Становление и развитие административного судопроизводства в Российской Федерации // Журнал российского права. – 2019. – № 6. – С. 5-13.*
- 13 *Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: Курс лекций. – М.: Юридическая литература, 1997. – 400 с.*
- 14 *Административное право: Учебник / Под ред. Л.Л. Попова. – М., 2002. – С. 50-52.*
- 15 *Брэбан Г. Французское административное право: Пер. с франц. /Под ред. и со вступит. ст. С.В.Боботова. – М., 1988. – С.138-263.*
- 16 *Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях. (Общая часть). Комментарий. – Алматы: Жет! Жаргы, 2002. – 160 с.*
- 17 *Панкова О.В. Настольная книга судьи по делам об административных правонарушениях: науч.-практ. Пособие /Под ред. Н.Г.Салицовой. – М.: Прспект, 2009. – 304 с.*

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
УГОЛОВНОЕ ПРАВО  
CRIMINAL LAW**

МРНТИ:10.77.51

УДК:343.3/7

*А.Кобенова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Ғылыми жетекшісі: Н.Б. Калкаева, қауымд.профессор, з.ғ.к.*

**КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ СУБЪЕКТИВТІ БЕЛГІЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективті белгілерінің өзекті мәселелері қозғалады. Автор кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жақтың негізгі белгісі – кінәні зерттеп қарастырады. Кінәнің шын мазмұнын, нақты формасын және дәрежесін анықтамай адамды ерекше қауіпті қылмысты қайталаушы деп тану, шартты түрде соттау, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, рақымшылық актілерін қолдану туралы мәселелерді дұрыс шешуі мүмкін емес деп көрсетеді.

**Түйін сөздер:** кәсіпкерлік қызмет, қылмыстық-құқықтық саясат, қылмыстық құқық, субъективті белгілер, саяси жүйе.

*A.Kobenova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
Research supervisor: N.Kalkayeva, Candidate of Law, associate professor*

**TOPICAL PROBLEMS OF SUBJECTIVE SIGNS OF CRIMINAL OFFENSES IN THE  
FIELD OF ENTREPRENEURIAL ACTIVITY**

*Abstract*

The article addresses topical problems of subjective signs of criminal offenses in the field of entrepreneurial activity. The author explores the main sign of the subjective side of criminal offenses in the field of entrepreneurial activity - guilt. He points out that without determining the true content, specific form and degree of guilt, it is impossible to correctly resolve the issues of confessing a person to a particularly dangerous crime, probation, parole, and the application of amnesty acts.

**Keywords:** business, criminal law policy, criminal law, subjective characteristics, political system.

*Кобенова А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Научный руководитель: Н.Б. Калкаева, к.ю.н., асс. профессор*

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СУБЪЕКТИВНЫХ ПРИЗНАКОВ УГОЛОВНЫХ  
ПРАВОНАРУШЕНИЙ В СФЕРЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

*Аннотация*

В статье затрагиваются актуальные проблемы субъективных признаков уголовных правонарушений в сфере предпринимательской деятельности. Автор исследует основной признак субъективной стороны уголовных правонарушений в сфере предпринимательской деятельности – вину. Указывает на то, что без определения истинного содержания, конкретной

формы и степени вины невозможно правильное решение вопросов о признании лица повторителем особо опасного преступления, условном осуждении, условно-досрочном освобождении, применении актов амнистии.

**Ключевые слова:** предпринимательская деятельность, уголовно-правовая политика, уголовное право, субъективные признаки, политическая система.

**Кіріспе.** Кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективті белгілеріне аталған құрамның субъективтік жағы және субъектісі жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын анықтау дегеніміз субъектінің әрекетінде немесе әрекетсіздігінде қасақаналық пен абайсыздықты анықтау, заңда көрсетілген оның түрін, мазмұнын, қасақаналықтың бағытын, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсаты мен ниетін, сол сияқты субъективтік жақтың басқа белгілерін және қылмыскердің кінәсінің мөлшерін анықтау болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын дұрыс дәлелдеу тергеуші мен соттың психологиялық заңдылықтарды дұрыс жинап тексеріп, жекелеуіне, бұл белгілерді дұрыс бағалауына, осы белгілердің өзара байланыстарын анықтауына байланысты болады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын заңда көрсетілгендей анық фактілік сипаттамалармен дәлелдеу керек. Кінәсіздік презумпциясын басшылыққа ала отырып, айыптау үкімі ешқашанда болжауларға сүйене алмайды. Сондықтан да, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын дәлелдеген кезімізде, біз сыртқы жағдайларды ескере отырып, қылмыскердің психикалық ерекшеліктеріне сүйенеміз. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы психикалық категорияға жатады [1, 54 б.]. Ол басқа да психикалық құбылыстар сияқты ешқашанда жәбірленушімен, куәгерлермен, сотпен де бағалана алмайды, сондықтан да қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын дәлелдеу оның сыртқы жағдайларын талдау жасау арқылы болуы керек. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын анықтаудың негізі болып адамның еркі мен санасы, материалистік психология болып табылады. Бұлардың ішінде төмендегідей принциптерді аламыз: 1) сана әрекетінің бірлігі принципі; 2) психиканың даму принципі, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы, оның қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қортындысы деп алып қарастыруымыз керек; 3) ең маңызды принцип, әрбір адамға жекелей қарау.

**Негізгі бөлім.** «Субъективтік жақ – ол қасиет, яғни қоғамға қауіпті әрекеттің қажетті белгісі деп көрсетеді И.Борчашвили. Оның мазмұны қауіпті әрекетке берілген баға, ол жасалғаннан кейінгі қылмыстық салдар. Сонымен қатар субъективтік жақ пен әрекеттің сыртқы қасиеті арасындағы өзара байланыс оларға берілген бағаның сәйкестілігімен бітпейді. Бұл көрсетілген мән-жайлар аталған белгілерді сипаттауда, олардың нақты мазмұнын анықтауда, осы түсініктерді құрайтын құрама элементтерді айқындауда елеулі рөл атқарады. Кез келген әрекеттің оны жасаған адамның санасында бастамасы болады» [2, 125 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы - кінә, ниет, мақсат деген белгілерден тұрады.

Кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жақтың негізгі белгісі - кінә. Кінәнің шын мазмұнын, нақты формасын және дәрежесін анықтамай адамды ерекше қауіпті қылмысты қайталаушы деп тану, шартты түрде соттау, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, рақымшылық актілерін қолдану туралы мәселелерді дұрыс шешуі мүмкін емес.

Кінә адамның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығына деген психикалық көзқарасы. Кінәнің екі түрі бар, олар: қасақаналық және абайсыздық. Адамды белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі деп тану үшін, адам өзінің әрекеттерін толық түсінуі және осы әрекеттермен әрекетсіздігіне қоғамға келтіретін зардаптарына толық жауап беруге толық мүмкіндігі және заңда көрсетілген жасқа жетуі керек. Бірақ та қылмыстық құқық ғылымы кінәнің – психологиялық түсінігімен ғана шектеліп қоймай оның қоғамдық мазмұнын да түсіндіреді. Адамның санасында болып жатқан ойлау процестерін, біз ол адамды қоршаған ортадан бөлек, ажыратып

қарастыра ойлаймыз. Сондықтан да адамның өзінің жасаған қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне деген психикалық қатынасы мен көзқарасын дұрыс түсіну үшін, ол адамды қоршаған қоғамдық әлеуметтік жағдайларды терең зерттей отырып сол сияқты қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне деген психикалық қатынасы мен көзқарасы қылмыстық құқық бұзушылық жасауға әсер ететін басқа да факторлардың мөлшерін біліміз керек. Қылмыстық құқық бұзушылықтағы кінә дегеніміз – адамның өзінің жасаған қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне деген психикалық қатынасы ғана емес, сол сияқты осы қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттен келетін қоғамға қауіпті зардаптарына деген қатынасы.

Мысалы, ҚРҚК 214-бабындағы Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызметтің субъективтік жағы - тікелей қасақаналық арқылы сипатталады. Кінәлі кәсіпкерлік қызметті, банктік қызметті (банк операцияларын), микроқаржылық немесе коллекторлық қызметті тіркеусіз, сол сияқты осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз не Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысып жатқанын толықтай қоғамға қауіптілігін ұғынады, ол әрекеттің азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіріп не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе акцизделетін тауарларды айтарлықтай мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасып жатқанын болжайды, тілеп соған қасақана түрде жол береді. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызметті абайсызда жасау мүмкін емес.

Адамның өзінің әрекеттерін қоғамға қауіпті екенін білуіне оның өмірінен көріп білгені, білімі, жалпы мәдениеті, құқықтық білімі т.б. жағдайлар әсер етеді. Кінәнің интеллектуалдық сәтіндегі кінәнің нысандарын бір-бірінен ажыратқан кезде маңызы бар деп көрсеткен: өйткені қасақаналықта адам өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті және құқыққа қарсы келетінін сезеді, ал абайсыздықта әрекеттің қоғамға қауіпті екенін адамда сезу жоқ деп жазды. Сонымен, кінә түсінігін зерттеген кезде адамның психологиялық интеллектуалдық сәтінің де зор маңызы бар.

Сонымен тікелей қасақаналықтың түсінігі, оның үш белгісінің болуымен суреттеледі. Әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті екенін білу; қоғамға қауіпті зардаптардың туу мүмкіндігін және сөзсіздігін болжау; осы зардаптардың келуін тілеу. Жоғарыда көрсетілген белгілердің бірінші, екіншісі адамның санасында болып жатқан прогресстерді көрсетеді, яғни интеллектуалдық кезең, ал үшінші белгі ерік немесе тілеу кезеңі болып есептелінеді. Осы үш белгінің маңызы қылмыстық жауапкершілік үшін бірдей болып саналады [1, 99 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылық әрекет немесе әрекетсіздік, тікелей қасақаналықпен жасалынды деп айту үшін осы үш белгі де болуы керек. Адамның өзінің әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті екенін білуі, адамның субъективтік қасиеттерімен білінеді: бұл осы адамның өмірлік тәжірибесі, білімі, жалпы мәдениеті, семьядағы тәрбиесі және тағы басқа факторлар болып табылады. Адамның өз әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті екенін білуін, біз әрекеттің құқыққа қарсы келуін білуімен шатастырмауымыз керек. Кейбір ғалымдар кінәнің түсінігіне, қылмыскердің өз әрекеттерінің немесе әрекетсіздіктерінің қоғамға қауіпті екенін білу және осы әрекеттің немесе әрекетсіздіктен келетін қоғамға қауіпті зардаптарын болжап білуі, еріктік сәтке жатады деп, осы белгілерді қосып қарастырады. Құқыққа қарсы келу дегеніміз жалпылай келіп айтқанда қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттің заңдағы сипаттамасын білу. Әрекеттің құқыққа қарсы екенін түсіну, тікелей қасақаналықтың түсінігі үшін ешқандай маңызы жоқ.

Адам қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда, оған белгілі бір нәрсе түрткі болады, өзінің жігерін қандай да бір нәтиже, мақсатқа жетуге бағыттайды. Адамның психикалық қатынасының сипаты қандай да бір ниетпен, мақсатпен айшықталатын болғандықтан, оларды анықтамай кінәнің шын мазмұнын дұрыс бағалау мүмкін емес.

Ниет – бұл субъектінің өзіне қажетті құндылықты таңдаудағы ішкі жан дүниесіндегі пайда болған психофизиологиялық процестің туындысы. Субъектінің мінез-құлқында қылмыстық құқық бұзушылық ниет пайда болған кезде, ниетпен қатар сол ниеттен пайда болған зардаптың

жазаланатындығы туралы ой да пайда болады. Егер субъект қылмыстық құқық бұзушылық ниетті шындап жүзеге асырмақшы болса, онда оның жоспарында ниетінен туындайтын әрекеттің зардап көлемі және зардапты туғызатын жағдайлар да көрсетіледі. Жасалған жоспар бойынша субъект ниетін жүзеге асыру немесе асырмау туралы, зардап тудыру немесе зардап тудырмау туралы шешім қабылдайды.

Қылмыстың субъективтік жағын қарастырған кезде біз ниет пен мақсатты негізінен бірге қарастырамыз. Ниет адамның мінез-құлқының негізін анықтайды. Егер де, мақсат екеуін бірге алып қарастырсақ, қылмыс жасаушының қылмыс жасаған кезде неге ұмтылды, қандай мақсатқа жетпекші болды, соны көрсетеді. Өйткені ниет адамның өз мақсатын негіздеуі, ал мақсат адамның өз әрекеттерінің ниеті арқылы іске асыруын көздейді [3, 44 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамындағы төртінші элемент - субъект. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі - жеке тірі адам. Қылмыстық жауапкершілік адамдардың дұрыс, саналы іс-әрекеттерімен ғана байланысты. Сот белгілеген жаза түрлі адамдарға олардың ақыл - естерінің түзулігіне, айналасындағы құбылыстарға дұрыс бағдар бере білуіне сай белгіленеді. Сондықтан, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ақыл-есі түзу, өз әрекетіне жауап бере алатын, өз қылмыстық құқық бұзушылығы мен әрекетіне есеп бере алатын адамдар ғана бола алады [4, 78 б.]. Сондай-ақ, еріктілік қабілеті мен ойлау қабілеті бар, заң талаптарын саналы ұғынатын, қоғамның оған қойып отырған тәртібін түсініп, өз әрекетін басқара алатындарға қойылады. Осындай мүмкіндіктері бар азаматтар өз іс-әрекеті үшін жауаптылыққа тартылады. Сондай-ақ, ол өзінің қоғам үшін қаншалықты қауіпті әрекет жасағанын, өзінің соңғы әрекетінің бағыт-бағдарын сезіне алатындай болуы керек. Бұл, жалпы жағдайда қоғамға қауіпті әрекетін әдейі қасақаналықпен ойластырып жасаған немесе бұл әрекеттің байқаусызда құқықтық норманың сақталмауынан жасалғандығы анықталса, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі бола алады.

Кәсіпкерлік қылмыстық құқық бұзушылықтар экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 8-тарауында белгіленген. Олар: 214-бап. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет; 216-бап. Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау; 217-бап. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету; 218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату); 221-бап. Монополистік қызмет; 222-бап. Тауар белгісін заңсыз пайдалану; 223-бап. Коммерциялық не банктік құпияны, деңгейлес мониторинг барысында алынған салықтық құпияны, микрокредит беру құпиясын, коллекторлық қызмет құпиясын құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ мүлікті жария етумен байланысты ақпаратты заңсыз алу, жария ету немесе пайдалану; 237-бап. Оңалту және банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер; 238-бап. Әдейі банкроттық; 239-бап. Төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу; 241-бап. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу; 242-бап. Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсыну; 248-бап. Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу; 249-бап. Рейдерлік.

Аталған қылмыстардың субъектісі 16 жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға және кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі тек арнаулы адамдар бола алады, мысалы ҚРҚК 221-бап. Монополистік қызмет; 237-бап. Оңалту және банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер; 238-бап. Әдейі банкроттық [5].

**Қорытынды.** Кәсіпкерлік қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің міндетті түрде есі дұрыс болуы шарт. Есі дұрыстық - адамды кінәлі деп танудың алғы шарты, мұнсыз кінә туралы сөз болуға тиіс емес. Адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қабілеттілігі, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау барысында есеп бере алу мүмкіндігі былай айқындалмақ. Егер қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған адам өзінің дұрыс еместігі жөнінен күмән келтірсе, онда сот-тергеу органдары оның денсаулығын психикалық сарапшы арқылы тексертіп алады. Тиісті қорытынды жасайды [3, 78 б.]. Есі дұрыстық бұл жеке адамның объективті жағдайды түсінуі, оған әсер

ететін процестерді, әлеуметтік позицияларды менгеру қабілеттілігі болып табылады. Бұдан мынадай қорытынды шығады: есі дұрыстық қылмыстық құқық бұзушылық құрамының алғы шарты және қылмыстық жауапкершілікті негізі. Есі дұрыстық өзінің заңдылық табиғатында - қылмыстық құқық бұзушылықтың ең басты белгілерінің бірі, қылмыстық жауаптылық пен субъектінің негізгі қағидасы болып табылады. Өзінің әлеуметтік психикалық мәні жөнінен есі дұрыстық – ол қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кездегі денсаулығы, ақыл - ойының сау болып өзінің, іс-әрекетін басқаруы немесе істеген іс-әрекетіне толық есеп беру болып табылады. Қылмыстық заңдарда қылмысқа жауаптылық қабілеттілігі - өзінің әлеуметтік саяси дәрежесі бойынша қылмыскердің еркіне, оның дүниетанымы мен психологиялық мінез-құлқына байланысты болмақ.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768 б.
2. Борчаивили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (том 1) / Под общ. ред. Генерального Прокурора Республики Казахстан, Государственного советника юстиции I класса Даулбаева А.К. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Т.1. – 504 с.
3. Алауханов Е., Умбетаниев С., Рахметов С. Қылмыстың құрамы. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 263 с.
4. Әпенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері. Оқулық. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 332 б.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Заңы. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z236> (өтініш берген күні: 01.10.2021)

МРНТИ: 10.77.01

УДК: 343.2/.7

Г.Ж. Османова<sup>1</sup>, Н.Б. Калкаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

## ҚЫЛМЫСТЫҢ ТАРИХИ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

### Аңдатпа

Бұл мақалада бізбен, қылмыстың генезисі мен оның әлеуметтік сипаты туралы қарастырылады. Бұл қазіргі қоғам үшін өте өзекті тақырып шеңбері. Қылмыстың туындауына әсер ететін факторларға мән бере отырып, қылмыстың ең ауыр құқық бұзушылық түрі екенін атап өту қажет. Оның басты ерекшелігі қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық екендігін баса айта отырып, мұндай құқық бұзушылықты жасаған адамдар қылмыстық құқықта көрсетілген қылмыстық жауапкершіліктің анықталған түріне байланысты жауапкершілікке тартылатындығында. Қылмыстың әлеуметтік мәнін қарастыру теориялық қорытындылар мен жаңа ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, қылмыстың шығу тарихы мен әлеуметтік мәнін қарастыра отырып, қылмыстық кодекспен бекітілген қылмыс түсінігіне анықтама белгілі бір шеңбер аясында берілгенін, алайда ол тәжірибеде қылмыстық әрекеттен тұратын толық кешенді қарастыра алмайтындығы атап өтілді.

**Түйін сөздер:** қылмыс, қылмыс түсінігі, қылмыстық заңнама, қоғамға қауіптілік, құқық бұзушылық, қылмыстық жауаптылық.

Османова Г.Ж.<sup>1</sup>, Калкаева Н.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

## ИСТОРИЧЕСКИЙ ГЕНЕЗИС ПРЕСТУПЛЕНИЯ И ЕГО СОЦИАЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР

### *Аннотация*

В этой статье нами рассматривается генезис преступления и его социальный характер. Это очень актуальная для современного общества тема. Придавая значение факторам, влияющим на возникновение преступления, необходимо отметить, что преступление является наиболее тяжким видом правонарушения. Подчеркивая, что главной его особенностью является посягательство на охраняемые уголовным законом общественные отношения, следует отметить, что лица, совершившие такое правонарушение, привлекаются к ответственности в зависимости от установленного вида уголовной ответственности, указанного в уголовном праве. Рассмотрение социальной сущности преступления позволяет сделать теоретические выводы и новые предложения. Поэтому, рассматривая историю возникновения и социальную сущность преступления, подчеркивается, что определение понятия преступления, закрепленного Уголовным кодексом, дано в рамках определенных рамок, однако не может рассматривать на практике целый комплекс, состоящий из преступной деятельности.

**Ключевые слова:** преступление, понятие преступления, уголовное законодательство, общественная опасность, правонарушение, уголовная ответственность.

*G.Zh. Osmanova<sup>1</sup>, N.Kalkayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

## HISTORICAL GENESIS OF CRIME AND ITS SOCIAL NATURE

### *Abstract*

In this article, we examine the genesis of crime and its social nature. This is a very relevant topic for modern society. Attaching importance to the factors influencing the occurrence of a crime, it should be noted that a crime is the most serious type of offense. Emphasizing that its main feature is an encroachment on public relations protected by criminal law, it should be noted that persons who have committed such an offense are brought to justice depending on the established type of criminal liability specified in criminal law. Consideration of the social essence of crime allows one to draw theoretical conclusions and new proposals. Therefore, considering the history of the origin and the social essence of a crime, it is emphasized that the definition of the concept of a crime enshrined in the Criminal Code is given within a certain framework, but cannot be considered in practice a whole complex consisting of criminal activity.

**Keywords:** crime, the concept of crime, criminal legislation, social danger, offense, criminal liability.

### **Кіріспе.**

Қылмыспен күрес, оның ішінде қылмыстық құқық тәсілдерімен жүргізілетін күрес әрқилы саяси және экономикалық жүйелері бар елдерді алшақтатпай қайта біріктіруі керек. Бұл бағытта бірқатар шаруа жүзеге асырылды да. Мәселен, терроризммен, экологиялық және экономикалық қылмыстармен күресте халықаралық ынтымақтастық оң нәтиже беруде.

Сөйтіп, қазіргі әлемде қылмыс таптық сипат алып жүрмейді, ал қылмыстылық деген ұғым барша жұрт мойындаған жалпы адамзаттық құндылықтарды қылмыстық озбырлық жасаудан қылмыстық-құқықтық тұрғыда қорғау қажеттілігін алға тартады.

Бірақ, бұл қылмыстың табиғаты жөніндегі тезис тұтастай және толығымен қате болып табылады деген сөз емес. Адамзат қоғамының тарихында қылмыс туралы ұғым шынында қоғамның таптарға бөлінуіне (олардың өзара қарама-қайшылықтарымен қоса), мемлекет пен

құқықтың құрылуына орай туындайды. Бұған құлдық қоғамның қылмыстық құқығы мықты дәлел бола алады. Тарихтағы алғашқы таптық қоғамда қылмыс деп тек билеуші таптың мүдделеріне қауіп төндіретін әрекеттер ғана танылды.

Жұмыстың **негізгі мақсаты** болып, қылмыстың әлеуметтік-тарихи шығуынғылымы-теориялық тұрғыдан зерттеу, қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңдеріне сай қоғамдық қауіптілік сипатын қарастыру.

**Зерттеу әдістерінің** негізін теориялық, заңдық түсініктерді талдау, таным, қылмыстың әлеуметтік табиғатын зерттеуге қатысты пайда болатын жүйелік әдістер құрайды.

Қылмыстың әлеуметтік-тарихи сипатының құрылымының өзі, қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңінде пайда болуымен түсіндіріледі. Ұжымдық экономикалық формациялар өзгерген кезде оның мазмұны мемлекеттің құрылуы және оған жүктелген міндеттерді жүзеге асыру жағдайларына байланысты түзетіледі. Әртүрлі уақыт кезеңіндегі бұл жағдайлар нақты әрекеттердің әртүрлі қауіптілік деңгейін анықтайды.

Ол ең алдымен адам өмір сүретін және дамитын қоғамдық қатынастар мен байланыстардан туындайды. Бұл өз кезегінде белгілі бір субъектінің ерікті әрекетінің тікелей құқыққа қайшы мінез-құлықтың себебі ретінде әрекет ететінін көрсетеді. Ерік – адамның кедергілерді жеңу, сыртқы факторлардың әсеріне әрекет ету қабілеті. Ол сезімнің ақылға бағынуына мүмкіндік береді.

Қылмыстың әлеуметтік сипаты шындықтың айналадағы тұлғасына әсер етуден, яғни пайда болған зардаптардан көрінеді. Теріс қылық заңмен қорғалатын қоғамдық және жеке мүдделерге зиян келтіруге әкеп соғатындықтан, ол басқа құқық бұзушылықтарға қарағанда заң тұрғысынан әрқашан теріс бағаланады. Қылмыстың әлеуметтік-құқықтық табиғаты ұжым мен жеке тұлға арасындағы қайшылықтың болуын болжайды. Қоғамдық қауіптілік оның тереңдігімен тікелей анықталады, сондықтан оны жою үшін құқықтық әсер ету шараларын қолдануды талап етеді.

Қылмыстың әлеуметтік сипаты туралы айтпас бұрын, оның қандай құбылыс екеніне және оның пайда болуынан бұрын қандай оқиғалар болғанына тоқталайық. Шын мәнінде, бұл әртүрлі қабаттағы адамдар арасындағы антагонистік қайшылықтардың жемісі. Сонымен бірге, алғашқы қауымдық құрылыста қылмыс пен ол үшін жазалау сияқты ұғымдар болмағанын еске түсірейік. Бұл, әрине, ол кезде қоғамның жекелеген мүшелеріне қауіп төндіретін іс-әрекеттер болған жоқ дегенді білдірмейді, бірақ ол кезде олар қылмыс деп саналмайтын.

Қылмыс терминінің шығу тарихы бір-біріне ұқсас ағылшын және француз тілдерінде – crime, ал неміс тілінде – verbrecher, испанша – delitos сөздерінен шыққан.

Қазақтың әдет құқығында «қылмыс» деген арнайы термин болмады. Оның орнына «жаман іс», «жаман қылық» сөздері қолданылып отырды. Кейіннен қылық сөзінің орнына қылмыс ұғымы қолданылды. Қазақтың әдет құқығы нормасында қылмыс деп, жәбірленушіге немесе оның туыстарына келтірілген материалды және моральды зиян формальды түрде танылды. Сонымен қатар онда жәбірленуші талапкер болып, қылмыскер жауапкер деп аталды.

Сонымен қазақ әдет құқығында кейіннен қылмыс деп феодалдар класының экономикалық және саяси мүдделеріне материалды немесе моральды зиян келтіретін әрекет танылды [1, 163 б.].

XV ғасырда қылмыс ұғымының өзі едәуір өзгеріс тапты. Қылмыс деп, жеке адам мен мүлікке ғана қастандық жасау емес, сондай-ақ заң тыйым салған әрекет те танылды.

Ал феодалдық құқық қылмыстық заңдылығы ашық түрде және тікелей король династиясының, дворяндардың, бақуатты шіркеуліктердің, ақсүйектердің мүддесін қорғап отырды.

Соңғы феодализмнің қылмыстық құқығының классикалық қайнар көзі – «Каролина», шаруалар және жалданушылар тарапынан жасалған ауыр және жеңіл қылмыстар сеньярларға, феодалдарға, жер иелеріне «құдірет» (прерогатива) болды. Қасиетті Рим империясындағы Император Карл V, XVI ғасыр ортасындағы қылмыстық - соттық ережесі Еуропа, Иерусалим, Үнді аралы және басқа елдер территориясында 300 жылдан астам уақыт әрекет етті.

Соңғы феодализмнің типтік құқықтық ескерткіші, бұл ашық әлеуметтік теңсіздігімен, үйлесу қаталдығымен айрықшаланатын еді. Мысалы, опасыздық онда тек мемлекеттік емес, сонымен қатар «өз мырзасына» опасыздық деп түсіндірілді. Мұндай опасыздық өлім жазасына



ерлер үшін кескілеп жазалаумен және әйелдер үшін суға батырумен жазаланды. Қарапайым халықтың билікке қарсы көтерілісі өлім жазасымен немесе елден қуылумен және дүре соғумен жазаланды.

Ұрлық, өлім, денесін мертіктіру жазасымен немесе басқа «жүзінің жағдайына шамалас» өзінің қажетті діни шыдамсыздығымен мұсылмандық қылмыстық құқық ерекшеленді. Онда исламнан тазарудыңөзіне, қылмыскердің және жәбірленушінің әлеуметтік сипаты елеулі әсер етті. Мысалыға, құранның 91-аяты: «Сенімсіздерді қай жерден тапсаңдар да ұстандар, өлтіріндер», - деп жазған. Бірақ, құл егер ол құдайға сенуші болса, жауласушы халықтың ішінде сенімсіздік білдіргендерді өлтірсе жазадан құтылып отырған (94 аят).

Қылмыстың жалпы түсінігін білмеген құлдық және феодалдық заңдылықтардан буржуазиялық қылмыстық заңдылықтың айырмашылығы, онда осы түсінікті жасап көрсетті. Француздықтан бастап қылмыстық кодекстерде «қылмыс деп, қылмыстық заңмен тыйым салынған жазадан қорқу әрекеті» таныла бастады. Мұндай анықтама, заңнан тыс және соттық емес жазаға тыйым салудан және ой бейнесін емес, керісінше тек әрекетті қылмыс деп танудан, олардың класстық және сословиелік тобына жататындығынан тәуелсіз барлық азаматтардың заң алдында формальды теңдігінен шыққан, қылмыстық құқықтың ірі тарихи негізінде маңызды жетістігі болып танылды. Онда көпғасырлық жалпы адамзаттық әділдік және адамгершілік туралы мүдделер өз көрінісін тапқан.

Кеңестік кезде, қылмыстық заңдылықтың алғаш рет әлемдік тәжірибесінде қылмыстық әрекеттің әлеуметтік мәніне, бара-бар заң нормаларында ашық түрде бекітілген түбегейлі өзгерістер болды. Кеңестік мемлекет «қылмыс – еңбек етуші халықтың мүддесіне зиян келтіретін әрекет», - деп жариялады. Қылмыстық құқықтық нормалар оның еркіндігін көрсете бастады.

Қылмысқа түсінік берген алғашқы тарихи заңдылық акті болып 1789 жылғы Франциядағы «Адам және азаматтардың құқықтары» Декларациясы танылды. Оның 5-бабы, кез келген құқық бұзушылықтың нақ сол қоғамға қауіптілігін анықтайтын, материалды-маңызды қасиетін сипаттады. Онда, «Заң тек қоғамға қауіпті әрекеттерге ғана тыйым салуға құқылы. Заңмен тыйым салынбағанға кедергі келтіруге және ешкім заңда жазылмағанды жасауға мәжбүрлей алмайды», - деп көрсетті [2].

Француздардан соң ұқсастық пайымдауды (дефиниция) басқа буржуазиялық Қылмыстық кодекс бекітті. Онда қылмыс деп, жазаланатын, қылмыстық заңмен тыйым салған әрекет танылды. Кейбіреулері бұл тұжырымдауды қылмыс жасаған уақытта әрекет еткен заңға сілтеме жасай отырып анықтаған. Мұндай түсініктің заңдылық қағидасына сәйкестігі: Қылмыс жоқ болса, ол туралы заңда көрсетілмесе жаза жоқ, ал формальды теңдікте заңды бұзушылар қасында тұр. Бірақ та елеулі жетіспеушілік болып қылмыстың заңдылық белгісі, оның құқыққа қайшылығы жеткілікті анық көрініс таба отырып, формальды анықтамасы қылмыстық және жазалау әрекетінің әлеуметтік мәнін мүлдем ашпаған (қисынды шатасу пайда болды; қылмыс бұл заңмен жазаланатын ба, әлде жазаланатын қылмыс па?). Ал оның қылмыстық негізінде не жатыр, криминализация әрекетінің қандай негіздері, басқаша айтқанда оны қылмыстылық және жазаланушылық деп тану - мұндай анықтамалардан тысқары қалып отырды. Сол себептен ХХ ғасырда қылмыстың формальдық анықтамасы белсенді түрде сынға алынды.

Кеңестік қылмыстық құқық ғылымында көптеген жылдар бойы қылмыс ұғымына түсінік берілгенде оның қоғамға қауіптілігі негізгі белгісі болып табылады деген жалпылама ой қалыптасты. Сондықтан да, қылмыс ұғымына кеңестік құқық ғылымы берген түсінікті материалдық анықтама деп атауға болады.

Кеңестік және буржуазиялық қылмыстық құқық ғылымдарының ымыраға келмейтін таптық мазмұнына сәйкес бұл ғылымдар арқылы берілетін қылмыс ұғымының формальдық белгілері барынша сынға алынды және төмендетілді.

1919 жылғы РСФСР-дың Қылмыстық заң жөніндегі басшылық негіздерінде (5 бап): «Қылмыстық құқықпен қорғалатын қоғамдық қатынастар тәртібін бұзушылық қылмыс деп танылады», 1922 жылғы РСФСР ҚК-де (6 б): «Қылмыс дегеніміз кез келген қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік» және 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінде (6 б) қылмыстың

негізгі белгісі ретінде оның қоғамға қауіптілігі негізге алына отырып оған мынадай түсінік берілді: «Коммунистік құрылысқа өту уақыты кезеңінде жұмысшы-шаруа өкіметі арқылы бекітілген, кеңестік құрылыс пен құқық тәртібі негіздеріне қауіп төндіретін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылады – деп атап көрсетілді.

Тек 1959 жылғы ҚазССР Қылмыстық кодексінде қылмыс ұғымына берілген түсінік формальдық-материалдық болып табылады, өйткені онда оның формальдық белгісі де (іс-әрекеттің қылмыстық заң нормаларымен тыйым салынғандығы), материалдық белгісі де (қоғамға қауіптілігі) көрсетілген [3, 40 б.].

1997 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде «қылмыс» деп, қылмыстық кодекстегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) танылған болатын [4].

Бұл түсінік құқықтық саясатты жүзеге асыру барысында қабылданған жаңа 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде басқаша сипат алды. Осыған сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтардың екі тобы бөліп қарастырылды. Бірі «қылмыстық теріс қылық» болса, бірі «қылмыс». Бізбен қарастырылып отырған қылмыс түсінігін Қылмыстық кодекстің 10-бабының 2 бөлігінде «Қылмыстық Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады», - деген анықтама берілген [5].

Қылмыс ұғымы қоғамның өзгеру сатысына қарай өзгеріп отырған.

Атақты профессор Н.Д. Дурманов «қылмыс, бұл тарихи өзгеріп тұратын заңдық түсінік», - деп көрсеткен [6, 170 б.].

Қылмыстық әрекет психикалық мағынадағы адамзаттың қылығының әр түрлілігіне қарай барлық белгілермен меңгеруді керек етеді. Жүріс-тұрыстың физиологиялық негізін белсенді іс қимылды немесе белсенділіктің төмендеуінен, әрекетсіздік кезінде белсенді әрекеттен тартыну құрайды. Физикалық-қол сұғушылық нысанына механикалық әсер ету (кісі өлтіру, ұрлық және т.б.). Психикалық – әр түрлі адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі теңдігін иеленеді, яғни сол не басқа ояту сезімімен немесе олардың жүйесімен шақырылады (кек алу, қызғаныш және т.б.) және өзінің мінез-құлық нәтижесін көрумен, бір мақсатқа бағытталуы. Кейбір қылмыстық кодекстерде, жағдай ретінде тежеусіз күштің әсері арнайы қарастырылады, онда мінез-құлықтың еріктілігін жоққа шығарады.

Заң шығарушы осындай тұжырымдарға келе отырып, қылмыстың әр уақытта да адамның нақты іс-әрекетінің, мінез-құлқының сыртқы көрінісі екенін атап көрсетеді.

Физикалық жағынан алғанда, іс-әрекет адамның белсенді әрекетімен сипатталады. Ол барлық уақытта да дене қозғалысы арқылы көрініс табады және әдетте бір ғана емес бірнеше дене қозғалысынан тұрады. (мысалы, қылмыскердің тапаншамен адам атуы өзара байланысты бірнеше қозғалыстан: нысанаға алу мен тапаншаның шүріппесін басудан тұрады). Бірақ қылмыстық іс-әрекет үшін физикалық емес, қоғамдық қауіптілік түрінде көрініс табатын әлеуметтік сипаттамасы негізгісі болып табылады.

Қоғамға қауіптілік, бұл қылмыстық заң арқылы қорғалатын объектілерге зиян келтіретін немесе зиян келтіру қауіпін туғызатын әрекет болып табылады. Егер іс-әрекет қоғамға қауіпсіз болса, онда ол қылмыс деп танылмайды және қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Қасақана қылмыстарда әрекеттің басталу үлгісі қылмысқа қол сұғушылыққа бағытталған дене қозғалысы. Қозғалыстың жиынтығы (алу, ашу, лақтыру және т.б.) – әрекеттің шығуы көбірек тараған сыртқы түрі, бірақ қылмыстық құқықтың мәні жекелеген қозғалыстарды жоққа шығармайды (қолын сілтеу, тетікті басу т.б.).

Абайсызда жасалған қылмыстарда қылмыстық залал келтіру қауіпі туындаған кезде немесе объектіге залал келтіруді бастап қойғанда әрекеттің басталуы болады. Бұл ерекшелік абайсыздық әрекет деп зиянның келуі немесе оны келтіру мүмкіндігімен байланысты көрсетеді.

Психикалық мәжбүрлеу (қорқыту) әдетте әрекеттің еріктілік сипатын жоққа шығармайды, сондықтан да, ол жалпы ережеге сәйкес психикалық мәжбүр ету ықпалымен қоғамға қауіпті

әрекет жасаған тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босатпайды. Бірақ, күштеу әрекеті де, психикалық мәжбүрлеу әрекеті де қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар ретінде қарастырылады. Психикалық мәжбүрлеу оның ықпалымен әрекет еткен тұлғаны ол тұлға ондай іс-әрекетті тек аса қажеттілік жағдайында жасаса ғана қылмыстық жауаптылықты жоққа шығара алады. Мысалы, өлтіремін деп қорқытқан қылмыскерлерге ақша берген кассир қылмыстық жауаптылықтан босатылады, өйткені адам кез-келген материалдық құндылықтардың барлығынан қымбат [7, 90 б.].

Қылмыстық құқықтық құбылыс ретінде қылмыс осы құбылыстың мәнді тараптарын білдіретін белгілі бір анықталған белгілерімен сипатталады.

Айталық, Н.Ф. Кузнецова былай деп есептейді: «Қылмыс атаулылар бастан аяқ имансыздықпен аяқталады деуге болады» дей келе, «олардың имансыздық ауқымымен жанасуы әрқилы» (яғни, бар қылмыстар имансыз, тек біреулері – бір деңгейде, өзгелері – басқа деңгейде), - деген пікір айтады.

Десек те талқыға салудың себеп салдары мынаған келіп тірелетін: имансыздықтың белгілерін қылмыстың өз алдына бір белгісі ретінде (қоғамға қауіптілік, құқыққа қайшылық, кінәлілік, жазаланушылықпен қатар) қарастыру керек пе, жоқ әлде тек көрсетілген белгілерге қатысты ма? Бұл тұрғыда үш түрлі көзқарас ортаға салынды. Біріншіден, қылмыстық іс-әрекеттің имансыздығы қоғамға қауіптілік белгісіне кіргізілді (И.И. Карпец); екіншіден, қылмыстық құқыққа қайшылық белгісіне жатқызылды (А.А. Пионковский); үшіншіден, имансыздық қылмыстық әрекеттің жеке тұрғыдағы белгісі деп танылды (Н.Д. Дурманов, А.А. Герцензон) [8, 174-178 бб.].

Қылмыс бойынша жазаны тағайындаудың жалпы принциптерінің функциялары туралы айтылғанда, істің қандай жағдайда жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және кінәлінің жеке басына қатысты екенін түсіну қажет.

Айта кету керек, қылмыстық құқық ғылымында бұл мәселені шешу бұрыннан қызығушылық тудырды. Қылмыстың қоғамдық қауіптілігін оның объективті қасиетін көре отырып, ғалымдар қылмыстық қол сұғушылық объектісі неғұрлым құнды болса, соғұрлым қауіпті деп танылуы керек. Қылмыстың сыртқы жағына қатысты белгілердің ішінде жасалған әрекеттің салдарына ерекше назар аударылады, өйткені, әдетте, бұл заң әдебиетінде атап өтілгендей, қылмыстың әлеуметтік қауіптілігінің мәні-бұл адамдарға зиян келтіру немесе зиян келтіру қаупін тудырады. Қылмыстың қоғамдық қауіпті түсінігіне ешкім қарсылық білдірмейді, бұл іс-әрекеттің әдісінің, орнының, уақытының және жағдайының ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Қылмыс құрамының басқа, субъективті белгілеріне қатысты ғалымдар әртүрлі көзқарастарды ұстанады. Көптеген адамдар қылмыстың әлеуметтік қауіптілігі тұтастай алғанда заңсыз мінез-құлқты сипаттайтын қасиет деп санайды, сондықтан ол тек объективті (бұрын тағайындалған) ғана емес, сонымен бірге қол сұғушылықтың субъективті белгілерімен де анықталады: кінәнің сипаты мен дәрежесі, мотивтің ерекшелігі, мақсаты, қылмыс субъектісіне қатысты белгілер (соның ішінде ақылдылық және т.б.).

Атап айтқанда, бұрын сотталушының қылмыстық заңды бұзғанына байланысты жекелеген қылмыстың қоғамдық қауіптілігін арттыру немесе төмендету мүмкіндігін негіздеу қиын.

Қарастырылып отырған жалпы принциптердің әрқайсысын түсіндірудің нақтылануы, олардың бірлігі мен салыстырмалы тәуелсіздігін көрсете отырып, жеке тұлғаға қатысты нақты жағдайлардың төрт тобын бөлуге мүмкіндік береді.

Бірінші топ-қылмыс жасаған кезде кінәлінің жеке басын сипаттайтын және оның іс-әрекетке және оның салдарына ішкі, психикалық көзқарасын ашатын жағдайлар. Олардың ішінде ең маңызды түрлер, ең алдымен оның формасы мен түрі. Бұл кез-келген қылмыс құрамының міндетті белгісі ғана емес - адамның жасалған әрекетке психикалық қатынасының сипаты мен оның салдары бойынша адамның қоғамға қарсы қасиеттерінің ерекшелігін бағалауға болады.

Жағдайлардың екінші тобы қылмыс жасалғанға дейін болады және қылмыс жасаушының жеке басы туралы, жасалған қылмыстың себептері мен жағдайларына немесе адамның бұрынғы мінез-құлқына қатысты мәліметтерді қамтиды. Олардың көпшілігі жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайлардың тізімінде бекітілген (жағдайлардың кездейсоқ жиынтығы,

жәбірленушінің заңсыз немесе азғындық әрекеті және т.б. салдарынан алғаш рет жасалған ауыр емес қылмыс). Осындай жағдайлардың болуымен (кәмелетке толмағандар, рецидив) заң шығарушы жаза тағайындаудың арнайы ережелерін байланыстыруды орынды деп тапты.

Мән-жайлардың үшінші тобының ерекшелігі-олар қылмыс жасағаннан кейінгі адамның мінез-құлқына қатысты және жауапкершілікті жеңілдетуге негіз бола алады (кінәсін мойындап, қылмысты ашуға белсенді ықпал ету, мүлтік немесе моральдық зиянды ерікті түрде өтеу және т.б.).

Жағдайлардың төртінші тобы үшін олардың пайда болу сәті маңызды емес, олар кінәліні жазалау шарасы туралы шешім қабылдаған кезде болуы керек (мысалы, жүктілік, кінәліде жас балалардың болуы). Басқалардан айырмашылығы, жағдайлардың бұл тобы тек адамгершілік тұрғысынан, тағайындалған жазаның нақты орындалуымен (мысалы, адамға айыппұл, міндетті жұмыс таңдау кезінде) және т.б. Ескеріледі [9,377 б.].

Жоғарыда айтылғандай, жасалған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін ерекше бөлім бабының санкциясының рөлін қарастыруға қатысты оның әлеуметтік қауіптілігі әрқашан оның заңнамалық бағалауында көрінеді. Осыған байланысты әдебиетте бұл әрекеттің әлеуметтік қауіптілігі жазаға қандай мөлшерде әсер етуі керек деген сұрақ туындады. Көзқарас өте кең таралған, оған сәйкес қылмыстық-құқықтық санкцияларды құру кезінде заң шығарушы қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипатына сүйенді, сондықтан жаза тағайындау кезінде сот оның дәрежесін ғана басшылыққа алуы керек. Қоғамдық қауіпті түсінудің басты кемшілігі – бұл заң шығарушының бағалауына байланысты оның сипаты мен дәрежесі арасындағы айырмашылықты тудырады.

Сонымен, тұжырымдай келе, қылмыстың әлеуметтік сипаты бірнеше факторлармен байланысты екендігін нақтыладық. Атап айтқанда, ол моральдық, экономикалық, психологиялық қайшылықтардан туындайды. Қылмыстық әрекеттегі мінез-құлық себептері, қылмыстық құқық бұзушы субъектісінің шеңберінен шығады. Сонымен қатар қоғамдағы қалыптасқан қатынастарды зерттеу негізінде құқыққа қарсы мінез-құлық үлгілері де қарастырылады. Сондықтан, қылмыстық әлеуметтік сипатын белгілі бір әлеуметтік құбылыс аясында белгілі бір шекте ғана сипатталатынын айта кеткен жөн.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Уголовное и обычное право казахов. – Алматы, 2004. – 163 с.
2. Декларация прав человека и гражданина» 1789 г. (Франция)// <https://cyberpedia.su/9x5d80.html>
3. Таганцев Н.С. Русское уголовное право. Часть Общая. – М., 1994. – 823 с.
4. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық кодексі (күші жойылды). Электронды ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V. Электронды ресурс: [https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj\\_kodeks/10.htm](https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/10.htm)
6. Дурманов Н.Д. Понятие преступления. – М., 1948 г. – 315 с.
7. Преступления и наказания в Российской Федерации / Популярный комментарий к Уголовному кодексу ЗФ // Отв. ред. А.С. Горелик, А.Л. Цветинович. – М.: Изд. БЕК., 1997. – 720 с.
8. Наумов А.В. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. – Астана «Фолиант», 2001. – 664 б.
